Көкшетау қаласының Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы
№13 хаттамасы

Көкшетау қ. **2026 жылы 02.09.**
16.00 сағ.

Отырысқа қатысқандар:

1. Ермек Нариман Ермекұлы – Ақмола облысының денсаулық сақтау басқармасының басшысы;
2. Жүсіпова Әлия Жасқайратқызы — «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақмола облысы бойынша филиалының басшысының орынбасары;
3. Нөгертаева Айгүл Бексұлтанқызы — Көкшетау қаласы әкімінің орынбасары;
4. Қалымжанов Сәкен Қалымтайұлы — Көкшетау қалалық көпсалалы ауруханасының бас дәрігері;
5. Шабаров Әмір Алтынбекұлы — Көкшетау және Степногорск қалалары бойынша Viamedis (Виамедис) филиалының директоры;
6. Сыздық Рысты Төлеутайқызы – Көкшетау қалалық емхананың бас дәрігерінің емдеу жөніндегі орынбасары;
7. Экажева Марет Алихановна – Көкшетау қалалық емханасының пациенттерді қолдау қызметінің басшысы;

Сонымен қатар, Ақмола облысы Қоғамдық кеңесінің мүшелері:

1. *Ахетова Әлияш Қойшыбайқызы*
2. *Кәкенов Серік Қабдошұлы*
3. *Құсаинова Сәуле Ғазизқызы*
4. *Нұрмағанбетова Айгүл Қайратқызы*
5. *Плюснин Игорь Геннадьевич*
6. *Шарафутдинова-Рсалиева Мунира Салаватовна*

Күн тәртібі:

1. «Көкшетау қаласының денсаулық сақтау жүйесінің жағдайы мен даму перспективалары, алғашқы медициналық-санитариялық көмектің, скринингтік тексерулер мен вакцинацияның қолжетімділігін арттыру, сондай-ақ халыққа көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыру және цифрлық трансформациялау туралы».

Талқылау барысы:

18 тамызда Көкшетау қаласының Қоғамдық кеңесі Ақмола облысының Қоғамдық кеңесімен бірлесіп, қаладағы денсаулық сақтау ұйымдарының, оның ішінде қалалық аурухана мен қалалық емхананың қызметіне мониторинг жүргізді.

Жүргізілген мониторинг қорытындыларын шығару, анықталған проблемалық мәселелерді талқылау және оларды одан әрі шешу бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында Көкшетау қалалық көпсалалы ауруханасының бас дәрігері Қалымжанов

Сәкен Қалымтайұлының және Көкшетау қалалық емханасы бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Сыздық Рысты Төлеутайқызының баяндамалары тыңдалды.

Негізгі мәселелердің бірі — кешкі және түнгі уақытта шұғыл медициналық көмек көрсететін ауруханаларға түсетін жоғары жүктеме. Атап айтқанда, қалалық ауруханаға шұғыл медициналық көмекті қажет етпейтін мәселелер бойынша азаматтардың жиі жүгінетіні анықталды. Сонымен қатар, жүгінушілердің едәуір бөлігін облыстың басқа аудандары мен елді мекендерінің тұрғындары құрайды. Бұған себептердің бірі – азаматтардың емханада қабылдауға жазылу және кезекте күту тәртібін сақтауға ниет білдірмеуі.

Сонымен қатар медициналық ұйымдарды жеткіліксіз қаржыландыру және кредиторлық берешек, кадр тапшылығы, алғашқы медициналық-санитариялық көмектің, скринингтік тексерулер мен вакцинацияның қолжетімділігі, қабылдау бөлімінің жүктемесі, пациенттерді маршрутизациялау, ӘМСҚ шарттық көлемдерінің асып кетуі, жоспарлы емдеуге жатқызу, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету және медициналық жабдықтарды сатып алу мәселелері талқыланды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылау қорытындысы бойынша Көкшетау қаласының Қоғамдық кеңесі **ҰСЫНАДЫ:**

1. Облыстық денсаулық сақтау басқармасына (Ермек Н.) ведомстволық бағынысты медициналық ұйымдармен бірлесіп, халыққа көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру, қаржыландыру және кадрлық қамтамасыз ету мәселелерін реттеу, пациенттерді қабылдау және маршрутизациялау жүйесін жетілдіру, медициналық жабдықтарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, азаматтардың өтініштерін жедел қарау және медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын кезең-кезеңімен жақсарту бойынша кешенді шаралар қабылдау.
2. Денсаулық сақтау басқармасының басшысы, ведомстволық бағынысты медициналық ұйымдардың басшылары және Көкшетау қаласы мен Ақмола облысының Қоғамдық кеңестері мүшелерінің қатысуымен жеке жұмыс кеңесін өткізу.

Көкшетау қаласының медициналық ұйымдарында анықталған проблемалық мәселелерді жою бойынша нақты іс-шаралар, жауапты орындаушылар және іске асыру мерзімдері көрсетілген жол картасын әзірлеу.

Жол картасында медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру, ауруханаларға түсетін негізсіз жүктемені азайту, кадр тапшылығын жою, қаржыландыру мәселелерін реттеу, алғашқы медициналық-санитариялық көмекті жетілдіру және цифрландыру бойынша іс-шараларды, сондай-ақ анықталған проблемаларды жоюдың нақты тетіктері мен мерзімдерін көздеу.

Атқарылған жұмыс туралы ақпаратты 2026 жылғы 1 қазанға дейін Көкшетау қаласының Қоғамдық кеңесіне ұсыну.

Қоғамдық кеңес төрағасы **С.Джакупов**

Қоғамдық кеңесінің хатшысы **А. Жолдасбаева**

Протокол №13
Очередного заседания Общественного совета города Кокшетау

г.Кокшетау **02.09.2026 год**
16:00 час.

Присутствовали:

1. Ермек Нариман Ермекұлы — руководитель управления здравоохранения Акмолинской области;
2. Жусупова Алия Жаскайратовна — заместитель руководителя филиала Некоммерческого акционерного общества «Фонд социального медицинского страхования» по Акмолинской области;
3. Нугертаева Айгуль Бексултановна — заместитель акима города Кокшетау;
4. Калымжанов Сакен Калымтаевич — главный врач Кокшетауской городской многопрофильной больницы;
5. Шабаров Амир Алтынбекович — директор филиала Viamedis (Виамедис) по городам Кокшетау и Степногорск;
6. Сыздык Рысты Толеутаевна — заместитель главного врача Кокшетауской городской поликлиники по лечебной работе;
7. Экажева Марет Алихановна — руководитель службы поддержки пациентов Кокшетауской городской поликлиники;
8. Члены Общественного совета Акмолинской области:

1) Ахетова Алияш Койшибаевна;
2) Какенов Серик Кабдушевич;
3) Кусаинова Сауле Газизовна;
4) Нурмаганбетова Айгуль Кайратовна.
5) Плюснин Игорь Геннадьевич;
6) Шарафутдинова-Рсалиева Мунира Салаватовна;

Повестка дня:

1. «О состоянии и перспективах развития системы здравоохранения города Кокшетау, повышении доступности первичной медико-санитарной помощи, скрининговых обследований и вакцинации, а также повышении качества и цифровой трансформации медицинской помощи населению».

Ход обсуждения:

18 августа Общественный совет города Кокшетау совместно с Общественным советом Акмолинской области провели мониторинг деятельности организаций здравоохранения города, в том числе городской больницы и городской поликлиники.

В целях подведения итогов проведённого мониторинга, обсуждения выявленных проблемных вопросов и выработки предложений по их дальнейшему решению были заслушаны доклады главного врача Кокшетауской городской многопрофильной больницы Калымжанова Сакена Калымтайулы и заместителя главного врача

Кокшетауской городской поликлиники по лечебной работе Сыздык Рысты Толеутаевны.

Одним из основных вопросов стала высокая нагрузка на больницы, оказывающие экстренную медицинскую помощь, в вечернее и ночное время. В частности, установлено, что граждане часто обращаются в городскую больницу по вопросам, не требующим оказания экстренной медицинской помощи. Кроме того, значительную часть обратившихся составляют жители других районов и населённых пунктов области. Одной из причин этого является нежелание граждан соблюдать установленный порядок записи на приём и ожидания очереди в поликлинике.

Также были обсуждены вопросы недостаточного финансирования медицинских организаций и наличия кредиторской задолженности, дефицита кадров, доступности первичной медико-санитарной помощи, скрининговых обследований и вакцинации, нагрузки на приёмное отделение, маршрутизации пациентов, превышения договорных объёмов Фонда социального медицинского страхования, плановой госпитализации, лекарственного обеспечения и закупки медицинского оборудования.

По итогам обсуждения вопросов повестки дня Общественный совет города Кокшетау **РЕКОМЕНДУЕТ:**

1. Областному управлению здравоохранения (Ермек Н.) совместно с подведомственными медицинскими организациями принять комплексные меры по повышению качества и доступности медицинских услуг, оказываемых населению, урегулированию вопросов финансирования и кадрового обеспечения, совершенствованию системы приёма и маршрутизации пациентов, обеспечению эффективного использования медицинского оборудования, оперативному рассмотрению обращений граждан и поэтапному улучшению материально-технической базы медицинских организаций.

2. Провести отдельное рабочее совещание с участием руководителя управления здравоохранения, руководителей подведомственных медицинских организаций, а также членов Общественных советов города Кокшетау и Акмолинской области.

Разработать дорожную карту по устранению выявленных проблемных вопросов в медицинских организациях города Кокшетау с указанием конкретных мероприятий, ответственных исполнителей и сроков реализации.

В дорожной карте предусмотреть мероприятия по повышению качества и доступности медицинской помощи, снижению необоснованной нагрузки на больницы, устранению кадрового дефицита, урегулированию вопросов финансирования, совершенствованию первичной медико-санитарной помощи и цифровизации, с конкретными механизмами и сроками устранения выявленных проблем.

Информацию о проделанной работе представить в адрес Общественного совета города Кокшетау до 1 октября 2026 года.

Председатель Общественного совета **С. Джакупов**

Секретарь Общественного совета **А. Жолдасбаева**